

№1 Зертханалық жұмыс. Сенсорлардың энергетикалық және техникалық сипаттамаларын зерттеу.

Жұмыстың мақсаты: Сенсорлардың техникалық (жұмыс кернеуі, сезімталдық, диапазон) және энергетикалық (қуат тұтыну, ток күші) сипаттамаларын анықтау. LM35, LDR және HC-SR04 сенсорларының жұмыс істеу принциптерін зерттеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Макет тақшасы (Breadboard), 5 В тұрақты кернеу көзі, амперметр, вольтметр, LM35, LDR, HC-SR04 сенсорлары, резисторлар, жалғағыш сымдар. Ардуино платформасы тек өлшеу құрал ретінде қолданылуы мүмкін.

Қысқаша теориялық кіріспе

Интеллектуалды ақылды жүйе ұғымы.

Ақылды жүйе концепциясы бойынша өндіріс және инфрақұрылым жүйесінің жұмыс эффективтілігін «ақылды» орта (smart environments) деп аталатын интеллектуалды электронды жүйе есебінен арттыру – қазіргі кездегі технологиялық дамудың танымал бағыттарының бірі. Бүгінгі күні «ақылды» орта концепциясы әртүрлі ортада қолданылуына байланысты көбеюде: «ақылды» транспорттық жүйе (intelligent transportation system) , «ақылды» өндіріс (smart manufacturing), «ақылды» үй (smart house), «ақылды» қалалар (smart cities) жобалары және т.б. Барлық жобалардың ортақ маркері – ол «ақылды» және «интеллектуалды» сөзін қолдану. Алайда, «ақылды» жүйелердің жалпы идеясы – адамның қауіпсіздігін және қолайлылығын максималды түрде қамтамасыз ету үшін өзара тығыз байланыста болатын сенсорлар мен есептеуіш машиналарын қолдану болып табылады.

Басқаша айтқанда, «ақылды» орта дегеніміз қоршаған орта туралы ақпаратты алуға және қолдануға қабілетті электронды орта.

«Смарт технология» терминінің соңғы уақыттарда ғана танымал болғанына қарамастан, термин өзі ғылыми ортада соңғы 40 жылдан бері қолданылып келеді. Алғаш «смарт құрылым» термині аэрокосмостық зерттеулерде қолданылып, 3 тенденция бойынша құрылды: жаңа материалдарға ауысу, материалдардың жаңа қасиеттерін қолдану, электроника және ақпараттық технология аумағындағы жетістік. Смарт-құрылымның негізгі функциясы – қоршаған ортада және датчиктер, сигнал және басқа да элементтер арқылы анықталатын өзгерістерді байқау болып табылады.

Смарт – бұл қоршаған ортамен әрекеті арқылы көрінетін жүйе немесе процесс қасиеті және ол жүйені немесе процесті келесі нәрселерге қабілеттілігіне байланысты бөледі:

- Қоршаған ортадағы өзгерісіне байланысты бірден байқау;
- Өзгермелі жағдайларға бейімделу;
- Өз бетімен даму және өз өзін бақылау;
- Нәтижеге тиімді түрде жету.

«Смарт» термині (2) «ақылды» деген мағынаны білдіреді, бірақ ағылшын тілінде оның «clever» және «intelligent» деген 2 баламасы кеңінен қолданылады. Бұл үшеуінің арасындағы «ақылды» терминіне терең мағына беретіні «intelligent» сөзі. Ол терең қорытынды жасау қабілетімен қатар, рационалды ойлау және өзін ұстауға деген бірнеше бастапқы (inborn, inherit) қабілеттілікті де білдіреді. Смарт-технологиялар интеллектуалды жүйелердің «визуализациясы» болып табылады. Интеллектуалды жүйелер ақпаратты іздеу және жүйелеу бойынша әрекеттерді автоматтандырады.

«Ақылды» ортаның негізгі қасиеттері келесідей:

- Жүйені қашықтан бақылау. Басқарылатын жүйені қашықтықтан өзіміз немесе автоматты түрде бақылау мүмкіндігі болып табылады. Әдетте мұндай процесті сымсыз қабылдағыш-таратқыш технологияларының көмегімен жүзеге асырады.

- Құрылғылар арасындағы коммуникация. Сымсыз желі технологияларын ұлғайту және аралық бағдарламалық қамтамасыз ету «ақылды» орта құрылғыларының арасындағы байланысты күрделендіріп жіберді. Осы мәселе арқылы ортаны құру моделінің күрделі түрлері пайда болды, яғни құрылғылар арасындағы ақпарат алмасу секілді сыртқы құрылғылардан Интернет арқылы ақпарат алатындай болды.

- «Ақылды» сенсорлық желілер арқылы информация алу және оны тарату. Сенсорлық технологияның дамуы ақпарат алмасуды жүзеге асырумен қатар қарапайым шешімдерді қабылдайды. Мұндай жүйелерге мысал ретінде тесілген кездегі газдың автоматты түрде өшуін, жарықтандыру жүйесін автоматты қосып-өшіруін айтуға болады.

Сенсорлар


«Сенсор» түсінігін әртүрлі авторлар әртүрлі мағынада қолданады. Біреулері – «сезгіш құрылғы», екіншілері – керекті объектіні анықтайтын «анализатор» десе, басқалары – қандай да бір шаманың (температура, қысым) «датчигі» деп түсінеді. Негізінде, айтылған мысалдардың бәрі дұрыс. Шынында барлық сенсорлар бірнәрсені «сезеді» (мысалы, температураның өзгерісін, магниттік өрістік пайда болуын, т.б.); «анықтайды» (ауадағы көмірқышқыл газының болуын); қандай да бір шаманы «өлшейді» (жарықтылық, қысым, температура).

«Сенсор» түсінігіне толық анықтама беру үшін, сенсор дәл нені «сезеді», «анықтайды», «өлшейді», ол қалай жүзеге асады, қандай жолмен

сыртқы ортаға сигнал береді деген сияқты сұрақтарға жауап іздеу керек. Сол кезде сенсорда «бақылау объектісі» болатындығын, бақылау объектісімен әрекеті арқылы сенсор өзінің күйін өзгертеді («сезетін», «анықтайтын», «өлшейтін») және қандай бір жолмен қолданушыға сигнал береді.

Сенсор - бұл пайдаланушы үшін бақылау объектісіндегі өзгерісті ақпаратқа түрлендіретін құрылғы. Сенсор – бұл нақты «физикалық» өмір мен ақпараттық өмірді байланыстыратын электронды құрылғы.

Оның жұмысын толық түсіну үшін қарапайым сенсордың функционалдық сызбасын қарастырайық (1.1-сурет). Ең басты құраушылары – сезімтал элемент пен сигнализатор болып табылады. Бақылау объектісінен келетін құбылыстың әсерінен сезімтал элемент өзінің күйін өзгертеді, ал сигнализатор қолданушыға қандай да бір түсінікті сигнал береді. Бұл сигнал бақылау объектісінен ақпаратты тасымалдаушы болып табылады.



1.1-сурет. Қарапайым сенсордың функционалдық сызбасы

Егер сезімтал элемент күйіндегі өзгеріс елеусіз болып, шығыс сигналдар әлсіз немесе бөгде күштер кедергі келтірсе, онда сенсорда күшейкіш және пайдалы сигналдар селекторы қолданылады. Бірақ олар сенсордың негізгі керекті бөлігі болып саналмайды.

Сенсорларды классификациялаудың көптеген түрі бар, бірақ оның негізгі классификациясы өлшенетін құбылыс типіне байланысты болып табылады. Сенсорлар осы классификация аясында механикалық, электрлік, акустикалық, электромагниттік, оптикалық және т.б. деп бөлінеді. «Ақылды» орта аясында қолданылуына байланысты барлық сенсорларды табуға болады, оның ішінде ең қолданысқа ие сенсор интеллектуалды сенсорлар деп аталады. Олар ақпаратты күрделі өңдеуді жүзеге асырады, өзінің жұмыс режимін өзгертеді және бақылау объектісіне белсенді түрде әрекет етеді.

Сенсорлар, сонымен қатар, актив және пассив сенсорлар деп бөлінеді. Жоғарыда көрсетілген қарапайым сенсорлар «пассив» сенсорлар деп аталады. Ал «актив» сенсорлардың олардан айырмашылығы – өздері қандай да бір жолмен бақылау объектісіне әрекет етеді және туындаған өзгерістерді қабылдайды.

Оның функционалдық сызбасы 1.2-суретте көрсетілген.



1.2-сурет. Актив сенсордың функционалдық сызбасы

Датчиктер (сенсорлар) шартты түрде 3 категорияға бөлінеді:

- электрлік сигналға түрлендіретін;
- тесттік сигналдарды генерациялай алатын, тұрақты есте сақтайтын құрылғы (ПЗУ) микросхемасындағы калибровканы сақтайтын, немесе барлығын сандық түрге түрлендіретін;
- сигналды таратпастан бұрын деректерді алдын ала өңдеуді жүзеге асыруға қабілетті.

Сонымен қатар, сенсорда байланыс каналы болуы керек, әйтпесе аспап қандай да бір жүйеге жәйден жәй біріге алмайды, сондықтанда ол өзінің мағынасын жоғалтады.

Датчиктер және сенсорлық жүйелер біздің қоршаған орта туралы түсінігіміз үшін өмірлік маңызды және ол қауіпсіздікті, бақылауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар денсаулық пен қоршаған орта туралы да мониторинг жасауға мүмкіндік береді. Ақылды датчиктер бұл ақылды қабілетке ие негізгі сезімтал элемент болып табылады. Сенсор сигналы деректерді өңдейтін және сыртқы қолданушы үшін ақпараттық шығыспен қамтамасыз ететін микропроцессорға түседі. Оның жұмысы толығырақ 1.2-суретте көрсетілген.

Интеллектуалды датчиктердің ең басты ерекшелігі – бірлік жаңылысудан кейін оның өздігінен қалпына келуі мен үйрену қабілеттілігінде. Ағылшын әдебиеттерінде мұндай типті датчиктер «smart sensor» деп аталады. Термин 80-жылдардың ортасында енгізілген.

Қазіргі кезде интеллектуалды датчик ретінде өзіне: АСТ, микропроцессор, сандық сигналды процессор, кристалдағы жүйе және т.б біріктіретін электроникалық датчиктерді айтады. Сонымен қатар, интеллектуалды датчиктер басқа да құрылғылармен байланысты өздігінен идентификациялау функциясының арқасында сымсыз немесе сымды желіге қосылуы мүмкін.

Интеллектуалды датчиктің желілік интерфейсі оны тек желіге ғана қосып қана қоймай, оған түзетулер жасауға, жұмыс режимін таңдауға, датчикке диагностика жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, интеллектуалды сенсор дегеніміз – бұл құрамына микрокомпьютер кіретін және осының арқасында біріншілік ақпаратты жеткілікті түрде күрделі өңдеуге қабілетті, қолданушыға өзіне қолайлы формада ақпарат беретін, туындаған өзгерістерді қабылдап-анализ жасай отырып бақылау объектісіне белсенді әрекет ететін, сыртқы ортамен тығыз ақпараттық байланыс орнататын, өзгертуші шарттарға байланысты өзінің жұмыс режимін өзгертетін сенсор болып табылады.

Сенсор — қоршаған ортаның физикалық шамаларын электрлік сигналға түрлендіретін құрылғы. Сенсорлар әртүрлі физикалық шамаларды (температура, жарық, дыбыс, қашықтық және т.б.) өлшеуде қолданылады.


№	Сипаттама	Белгіленуі	Өлшем бірлігі	Түсініктеме
1	Сезімталдық	S	В/°С, В/лк және т.б.	Кіріс шаманың өзгерісіне сәйкес шығыс кернеудің өзгеру жылдамдығы
2	Диапазон	-	-	Сенсордың өлшеу шегі
3	Шығыс түрі	-	-	Аналогтық немесе цифрлық сигнал
4	Жұмыс кернеуі	U	В	Қалыпты жұмыс диапазоны
5	Ток тұтыну	I	мА	Энергия тұтыну мөлшері
6	Қуат тұтыну	$P = IU$	мВт	Энергия шығыны

Зерттелетін сенсорлар туралы мәлімет

1. LM35 температура сенсоры: LM35 температураның өзгеруін аналогтық кернеуге түрлендіреді. Әрбір 1°С өзгерісіне шамамен 10 мВ сәйкес келеді. Температура есептеу формуласы:

$$T(^{\circ}\text{C}) = \frac{U_{\text{шығ}}}{10 \text{ мВ}} \quad (1.1)$$

Негізгі сипаттамалары:

Параметр	Мәні	
Жұмыс кернеуі	4–20 В	
Сезімталдық	10 мВ/°С	
Өлшеу диапазоны	–55°С ... +150°С	
Орташа ток тұтыну	60 мА	
Шығыс түрі	Аналогтық сигнал	

2. LDR жарық сенсоры: LDR (фоторезистор) жарық ағынына байланысты өз кедергісін өзгертеді. Жарық артқан сайын кедергі азаяды. Негізгі тәуелділігі:

$$R \approx \frac{1}{E} \quad (1.2)$$

мұндағы E — жарықтану деңгейі (люкс). Негізгі сипаттамалары:

Параметр	Мәні
Жұмыс кернеуі	3–5 В
Кедергі диапазоны	1 кОм – 1 МОм
Сезімталдық	1/лк
Шығыс түрі	Аналогтық сигнал

3. HC-SR04 қашықтық сенсоры.



1.3-Сурет. HC-SR04 арақашықтықты анықтайтын ультрадыбыстық сенсорының жұмыс істеу принципі

HC-SR04 – бұл ультрадыбыс сигналын таратып және оны нысанға шағылып қайта келгендегі уақытын өлшеп, эхолокация принципі бойынша арақашықтықты анықтайтын ультрадыбыстық сенсоры болып табылады. 2 см-ден 4 см-ге дейінгі аралықты өлшей алады (1.3-Сурет). Оның 4 шықпасы (пиндері) бар: V_{cc} – 5В қорек көзіне жалғанады, GND – жерге жалғанады, $Trig$ – ультрадыбыс толқындары таратылады, $Echo$ – шағылған толқындарды қабылданады. Қашықтық есептеу формуласы:

$$S = \frac{v \cdot t}{2} \quad (1.3)$$

мұндағы, t – ультрадыбыс толқынының сигнал көзінен нысаннан шағылып қабылдағышқа келгенге дейінгі кеткен уақыты, v – дыбыс жылдамдығы (≈ 340 м/с). Негізгі сипаттамалары:


Параметр	Мәні
Жұмыс кернеуі	5 В
Ток тұтыну	15 мА
Өлшеу диапазоны	2 – 400 см
Ажыратымдылық	3 мм
Шығыс түрі	Цифрлық (ECHO, TRIG)

Жұмыстың орындалу барысы.

Сенсорлардың кернеу, ток және қуат шамаларын өлшеу тәжірибесін жүргізіңіз.

1-Тәжірибе. LM35 температура сенсору бойынша тәжірибе жасау.

1.3-Суретте көрсетілген сұлбаны жинаңыз. Ардуино платформасының қорек көзін пайдаланыңыз. Сенсордың Vcc шығысын 5 В-қа және Ground шығысын жерге (Ардуинода GND каналы) қосыңыз. OUT шығысы вольтметрге потенциометр немесе тұрақты резистор арқылы жалғанады. Резистордың кедергісін жазып алыңыз және тұрақтандырыңыз. Осы кезде бөлме температурасында шығыс кернеуін өлшеңіз. Сенсорды жасанды түрде аздап қыздырып (қолмен, немесе жылы суға жақындату) кернеу өзгерісін 1.1-кестеге жазыңыз. Кернеудің әр мәні үшін (1.1)-теңдеуімен температураны, $I = \frac{U}{R}$ теңдеуімен ток күшін және $P = IU$ теңдеуімен қуатты есептеңіз. Алынған мәндерді кестеге толтырыңыз. Кесте мәліметтерін пайдаланып $U = f(T)$ кернеудің температураға тәуелділік графигін тұрғызыңыз.




1.3-Сурет. LM35 температура сенсору бойынша тәжірибе сұлбасы.

1.1-Кесте. LM35 сенсору бойынша тәжірибе мәндері

№	U (В)	I (мА)	$T(^{\circ}\text{C})$	P (мВт)
1				
2				
3				
...				
8				

2-Тәжірибе. LDR жарық сезгіш сенсоры бойынша тәжірибе жасау.

1.4-Суретте көрсетілгендей LDR фоторезистор мен тұрақты резисторды тізбектей жалғап, кернеу бөлгіш тізбегін жинаңыз.



1.4-Сурет. Фоторезистор және тұрақты резистор арқылы құрылған кернеу бөлгіш тізбегі.

Тізбекке 5 В кернеуді беріңіз. Жарық деңгейін өзгерте отырып (жарық шам, көлеңке, қараңғы), LDR фоторезисторына түскен кернеуді вольтметрмен және одан өткен токты амперметрмен өлшеңіз. Жарық деңгейіне байланысты кернеу мен ток күшін 1.2-кестеге жазыңыз. $P = IU$ теңдеуімен қуатты $R_{LDR} = \frac{U_{LDR}}{I}$ теңдеуімен фоторезистор кедергісін есептеңіз және кестеге жазыңыз.

№	U (В)	I (мА)	P (мВт)	$R_{LDR}, (\Omega)$
1				
2				
3				
4				

Қосымша тапсырмалар

1. LM35 сенсорының шығысындағы токты өлшеңіз.
2. LDR сенсоры арқылы жарық диодын (LED) іске қосыңыз.
3. LDR сенсорына түсетін жарық деңгейін өзгерте отырып жарық диодына (LED) түскен кернеуді өлшеңіз.

Бақылау сұрақтары

1. Сенсор дегеніміз не және оның негізгі қызметі қандай?
2. LM35 сенсорының жұмыс принципі мен сезімталдығы қандай?
3. LDR сенсоры жарыққа қалай әсер етеді?
4. Жарық диодының жұмыс істеу принципі қандай?
5. Аналогтық және цифрлық сенсорлардың айырмашылығы неде?
6. Қуат тұтыну формуласы қалай есептеледі?

№2 Зертханалық жұмыс. Ақылды жүйелерді жобалаудың электрондық платформаларын сипаттау және олардың ерекшеліктерін талдау.

Жұмыстың мақсаты: Arduino Uno платформасының аппараттық және бағдарламалық ерекшеліктерін сипаттау.

Қажетті құрал-жабдықтар: Arduino Uno тақтасы (виртуалды немесе нақты), дербес компьютер, USB-кабель, потенциометр 10 кΩ (реттелетін резистор), тұрақты резистор 220 Ом, жарықдиод (LED), амперметр және вольтметр (мультиметр режимінде), баспа тақтасы (breadboard) және жалғағыш сымдар.

Онлайн платформа: <https://www.tinkercad.com/>

Бағдарламалық орта: Arduino IDE

Қысқаша теориялық кіріспе

Қазіргі заманғы технологиялардың қарқынды дамуы ақылды жүйелердің (smart systems) кең таралуына жол ашты. Мұндай жүйелер қоршаған ортадан ақпарат жинап, оны өңдеп, нақты шешім қабылдай алады. Ақылды жүйелердің негізгі элементтері – микроконтроллерлер, датчиктер, орындаушы құрылғылар және байланыс модульдері болып табылады.

Ақылды жүйелерді жобалаудың негізінде электрондық платформалар жатады. Олар әзірлеушілерге прототип жасауға, сынақтан өткізуге және түрлі автоматтандырылған құрылғыларды жасауға мүмкіндік береді. Электрондық платформалар деп микроконтроллер мен қажетті перифериялық интерфейстер (GPIO, UART, I2C, SPI, PWM және т.б.) біріктірілген дайын тақталарды айтамыз.

Мұндай платформалардың ең танымал өкілдері – Arduino, Raspberry Pi, ESP32, STM32 Nucleo және Micro:bit тақталары. Әр платформа өз ерекшеліктерімен, қуат тұтыну деңгейімен, есептеу мүмкіндіктерімен және бағдарламалау ортасымен ерекшеленеді.

Олардың ішінде Arduino платформасы өзінің қарапайымдылығы, ашық бастапқы коды және үлкен қауымдастық қолдауына байланысты оқу және зерттеу жұмыстарында ерекше орын алады. Arduino негізінде ақылды үй жүйелері, экологиялық мониторинг, робототехника, өнеркәсіптік бақылау, смарт ауыл шаруашылығы сияқты жобалардың лабораториялық нұсқасы кеңінен жасалады.

Arduino Uno тақтасы – бұл ATmega328P микроконтроллеріне негізделген ең танымал модель. Ол кіріс/шығыс порттарының көптігімен, қарапайым бағдарламалау тілінің (C/C++) қолданылуымен, және қолжетімді бағасымен ерекшеленеді. Ардуино платформасы түрлі сенсорлар мен

модульдерді оңай біріктіруге мүмкіндік береді, бұл оны ақылды жүйелердің прототиптерін жасау үшін әмбебап құралға айналдырады. Оның сыртқы көрінісі 2.1-суретте көрсетілген.



2.1-сурет. Arduino Uno тақтасы

Arduino Uno – ATmega328P микросхипіне негізделген микроконтроллер тақтасы. Тақтада 20 кіріс/шығыс (pin) цифрлық және аналогтық пиндер ретінде ажыратылады.

Негізгі сипаттамалары:

14 цифрлық пин (D0–D13) – әмбебап бағдарламаланатын кіріс/шығыс (GPIO). Бұл пиндерге жарықдиодтар, батырмалар, реле, моторлар және басқа перифериялық құрылғыларды қосуға болады.

6 аналогтық пин (A0–A5) – сенсорлардан аналогтық сигналдарды оқу үшін қолданылады.

Жұмыс кернеуі – 5 В. Егер одан жоғары кернеу берілсе, микроконтроллер зақымдалуы мүмкін.


Кейбір цифрлық пиндер қосымша мүмкіндіктерді қолдайды:

PWM (импульстік-ені модуляциясы), UART, I2C, SPI.

2.2-Суретте Arduino Uno тақтасының пиндерінің тағайындалуы көрсетілген.

Arduino Uno тақтасын компьютерге қосу

Arduino Uno тақтасымен жұмыс істеу үшін USB порты бар кез келген дербес компьютер жеткілікті. Тақшаны компьютерге USB кабель арқылы қосқанда, қосымша сыртқы қорек көзі қажет емес – құрылғы қуатты тікелей компьютерден алады.



2.2-сурет. Arduino Uno тақшасының пиндерінің тағайындалуы (распиновкасы)

Arduino Uno-ны сыртқы қорек көзінен іске қосу

Микроконтроллерді қосу үшін оған қуат берудің екі тәсілі бар:

- компьютерден USB кабелі арқылы;
- арнайы сыртқы қорек разъемы арқылы тікелей.

Сыртқы қорек көзіне берілетін кернеу +7 В-тен +12 В-қа дейінгі аралықта болуы мүмкін.

Бағдарламалық ерекшеліктері

Arduino IDE (Integrated Development Environment) – бұл Arduino тақталарына арналған бағдарламаларды (скетчтерді) жазу, тексеру және жүктеу үшін қолданылатын интеграцияланған бағдарламалық орта. Бағдарламалық орта көрінісі 2.3-суретте берілген.

1. Редактор мәзірі келесі негізгі бөлімдерден тұрады: Файл, Түзету, Скетч, Сервис және Көмек:


Файл – жаңа бағдарлама құру, бар скетчті ашу, сақтау және Arduino тақшасына жүктеу командалары орналасқан.

Түзету – кодты өңдеу, көшіру, қою, жою және іздеу функциялары бар.

Скетч – бағдарламаны тексеру, компиляциялау және кітапханаларды қосуға арналған бөлім.

Сервис – тақшаны таңдау, порт параметрлерін орнату, кодты автоформаттау және Порт монитормен арқылы деректерді қарау мүмкіндігін береді.

Көмек – Arduino IDE туралы анықтамалар мен нұсқаулықтарды қамтиды.



3-сурет. Arduino IDE бағдарламалық ортасы.

2. Arduino IDE терезесінде келесі жиі қолданылатын негізгі пәрмендерге арналған *иконкалар панелі* орналасқан.

-  бағдарламаны қателерге тексеру және компиляциялау
-  дайын бағдарламаны Arduino тақшасына жүктеу
-  жаңа бағдарлама құру
-  бұрын сақталған бағдарламаны ашу
-  ағымдағы бағдарламаны сақтау
-  микроконтроллермен деректер алмасу терезесін ашу

3. Қойындылар (вкладки)

Arduino бағдарламасы бір немесе бірнеше файлдан тұруы мүмкін. Редактордағы қойындылар жүйесі осы файлдар арасында ауысуға мүмкіндік береді.

4. Бағдарлама терезесі

Бағдарламаның мәтіні тікелей редактордың негізгі терезесінде жазылады және өңделеді.

5. Хабарламалар терезесі

Arduino IDE редакторының төменгі бөлігінде орналасқан хабарламалар терезесі бағдарламаны компиляциялау немесе микроконтроллерге жүктеу кезінде пайда болатын қателер мен ескертулерді көрсету үшін қолданылады.

Arduino IDE ортасында бағдарламалау ерекшеліктері

Синтаксис. Arduino тақшасын бағдарламалау C++ тілінде жүзеге асырылады. Төменде осы курсты сәтті орындау үшін қажет негізгі тілдік құрылымдар мен жазу ережелері келтірілген.

- Әрбір оператор (өрнек) нүктелі үтірмен (;) аяқталады.

Мысалы:

`a = b + c;`

- Функциялардың және шартты операторлардың (if, else, for, while) денесі фигуралы жақшалармен { } қоршалады. Мысалы:

```
if ( a>0 )
{
    b = a+1;
}
```

- Мәтін жолдары қос тырнақшаға алынады ". Мысалы:

```
println("мәтін");
```

- Жеке символдар бір тырнақшаға алынады ' ':

```
symbol = 'a';
```

- Кітапханаларды қосу #include директивасы арқылы орындалады.

```
#include <math.h>
```

- Түсіндірме (комментарий) жазу үшін // таңбалары қолданылады.

```
// сенсор дерегі алынатын пин
```

Бағдарламалауға қажетті деректер типтері

Әр айнымалы нақты деректер типімен анықталады. Деректер типі айнымалының қандай мәндерді сақтай алатынын көрсетеді. Arduino-да ең жиі қолданылатын бірнеше негізгі тип бар.

Бүтін сандарды сақтау үшін byte, int, word, long типтері пайдаланылады. Мысалы, byte 0–255 аралығындағы, ал int –32 768–32 767 аралығындағы мәндерді сақтай алады. *Бөлік бөлігі бар сандарды* сақтау үшін float және double типтері қолданылады, олардың екеуі де Arduino платформасында бірдей дәлдікке ие. *Массивтер* – бір типтегі бірнеше мәндерді бір атаумен сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы: int numbers[10]; — он бүтін саннан тұратын массив. *Жолдар мен символдар* char типімен беріледі, ал жол (string) — символдардан тұратын массив. Мысалы: char text[8] = "Arduino";. Бұдан бөлек, арнайы типтер де бар: boolean (логикалық мәндер — true/false) және void (мән қайтармайтын тип). Осы типтерді дұрыс таңдау бағдарламаның жадты тиімді пайдалануына және есептеулердің дәлдігіне әсер етеді.

Arduino тілінде операторлар айнымалылармен амалдар орындау және бағдарламаның орындалу логикасын басқару үшін қолданылады. Салыстыру операторлары (==, !=, <, >, <=, >=) екі мәнді салыстырып, логикалық нәтиже қайтарады. Шартты операторлар (if, else if, else) белгілі бір шарт орындалғанда командаларды орындауға мүмкіндік береді. Циклдер (for, while, do...while) бір әрекетті бірнеше рет қайталау үшін пайдаланылады. Олар бағдарламаның логикалық құрылымын құрып, құрылғылардың жұмыс тәртібін анықтайды.

Айнымалылар мен деректер типтері бағдарламаның ішкі логикасын құрайды. Ал осы айнымалыларды пайдаланып, нақты әрекеттерді орындау үшін Arduino бағдарламасында *арнайы функциялар* қолданылады. Arduino бағдарламасы екі негізгі функциядан тұрады — setup() және loop(). Бұл

функциялар бағдарламаның құрылымын анықтап, оның қалай және қай ретпен орындалатынын басқарады.

setup() функциясы — бағдарлама іске қосылған кезде бір рет қана орындалады. Мұнда бастапқы баптаулар жазылады: пиндердің режимін орнату, сериялық байланыс ашу, бастапқы мәндерді беру т.б. Мысалы:

```
void setup() {  
    pinMode(13, OUTPUT); // 13-пинді шығыс ретінде баптау  
}
```

loop() функциясы — setup() аяқталғаннан кейін үздіксіз қайталанып орындалып отырады. Мұнда бағдарламаның негізгі логикасы, құрылғыларды басқару және датчиктерден деректерді оқу жазылады. Мысалы:

```
void loop() {  
    digitalWrite(13, HIGH);  
    delay(500);  
    digitalWrite(13, LOW);  
    delay(500);  
}
```

Осы екі функцияның өзара байланысы Arduino бағдарламасының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді: setup() — бастапқы орнатуларды жасайды, ал loop() — жүйенің негізгі жұмыс процесін орындайды.


Жұмыстың орындалу тәртібі

Потенциометрдің көмегімен жарықдиодтағы кернеуді біртіндеп өзгертіп, Arduino Uno платформасын пайдалана отырып жарықдиодтың вольт-амперлік сипаттамасын (BAC) тәжірибелік жолмен тұрғызыңыз.

2.4-Суреттегі сұлбаны жинаңыз. Сұлбаны жинау барысында алдымен потенциометрдің сол жақ шығысын Arduino Uno тақшасындағы 5V пиніне, ал оң жақ (3) шығысын GND пиніне жалғау қажет. Ортаңғы шығысы басқару сигналы ретінде пайдаланылады және ол арқылы жарықдиодқа түсетін кернеу реттеледі. Потенциометрдің ортаңғы шығысы 220 Ом тұрақты резистор арқылы жарықдиодтың анодына қосылады. Жарықдиодтың катоды амперметрдің оң кірісіне, ал амперметрдің теріс кірісі Arduino тақшасының GND пиніне қосылады.

Вольтметр жарықдиодқа параллель қосылады: оның оң шығысы жарықдиодтың анодына, ал теріс кірісі катодына (амперметр алдындағы

нүктеге) жалғанады. Барлық байланыстардың сенімді және дұрыс жалғанғанын тексеру қажет.



2.4-Сурет. Потенциометр арқылы жарықдиодтың вольт-амперлік сипаттамасын өлшеу сұлбасы.

Өлшеу кезінде потенциометрдің тұтқасын баяу бұрып, жарықдиодтағы кернеудің (U) және ток күшінің (I) мәндерін біртіндеп өлшеу қажет. Әрбір жаңа мәнді 1-кестеге жазып отыру ұсынылады. Алынған мәндер арқылы қуаттың өзгерісін тіркеңіз және вольт-амперлік сипаттамасын тұрғызыңыз. Потенциометрдің кернеуін 0 В-тан бастап 5 В-қа дейін біртіндеп өзгерту керек, шамамен әр 0,2–0,5 В сайын өлшеу жүргізіледі. Әр кернеу мәніне сәйкес ток күші тіркеліп, кем дегенде 10 өлшеу нүктесі бойынша мәлімет жиналады. Өлшеу кезінде жарықдиодтың қызып кетуінен сақтаныңыз – ток мәні 20 мА-дан аспауы тиіс. Барлық өлшеулер аяқталған соң, Arduino тақшасының қорегін өшіріп, құралдарды ажыратыңыз.

1-кесте. Потенциометрдің көмегімен жарықдиодтағы кернеу өзгерісі бойынша тәжірибе мәндері

№	U (В)	I (мА)	P (мВт)
1			
2			
3			
4			

Қосымша тапсырмалар

1. Бірнеше жарықдиод пайдаланып бағдарлам (светофор) жүйесін модельдеу.
2. Батырма арқылы жарықдиодты қосу және өшіру бағдарламасын жазу.
3. Қоршаған жарық деңгейіне байланысты жарықдиодтың автоматты қосылу жүйесін жасау.

Бақылау сұрақтары

1. Электрондық платформа ұғымына нені жатқызуға болады?
2. Arduino Uno микроконтроллерінің негізгі техникалық сипаттамалары қандай?
3. Arduino IDE ортасының негізгі мәзір элементтері мен қызметтерін атаңыз.
4. Arduino бағдарламасының жұмысын қамтамасыз ететін екі функция қызметі туралы ақпаратқа тоқталыңыз.
5. Потенциометр арқылы кернеуді өзгерту кезінде жарықдиодтағы ток пен қуат қалай өзгереді?
6. Жарықдиодтың вольт-амперлік сипаттамасы қандай тәуелділікті көрсетеді және оның практикалық маңызы неде?

№3 Зертханалық жұмыс. Шағын метеостанцияны жобалау.

Жұмыстың мақсаты: Arduino платформасын пайдаланып температура мен ылғалдылықты өлшейтін метеостанцияны жасау, деректерді оқу және талдау.

Қажетті құрал-жабдықтар: Температура мен ылғалдылық датчигі DHT11, Arduino UNO тақтасы, электронды дисплей, макет тақтасы (breadboard), жалғағыш сымдар.

Қысқаша теориялық кіріспе

Метеостанция – бұл ауа райының және атмосфералық құбылыстардың параметрлерін бақылауға, өлшеуге және жазуға арналған станция. Ол метеорологиялық мәліметтерді жинап, ауа райын болжауға немесе климатты зерттеуге көмектеседі.

Метеостанцияның басты мақсаты – атмосфера жағдайын үздіксіз бақылау және мәліметтерді тіркеу. Бұл мәліметтер ауа райы болжамын жасауға; ауыл шаруашылығын, авиацияны, теңіз, құрылыс және көлік салаларын жоспарлауға; климаттық өзгерістерді зерттеуге қолданылады.

Өлшейтін негізгі параметрлер	Өлшеу құралы
Ауа температурасы	термометр немесе терморезистор арқылы
Салыстырмалы ылғалдылық	гигрометр арқылы
Атмосфералық қысым	барометр арқылы
Жел бағыты мен жылдамдығы	анемометр және флюгер арқылы
Күн радиациясы мен жарық деңгейі	радиометр арқылы

Түрлері

1. Стационарлық метеостанциялар – тұрақты орнатылған, толық жабдықталған (мысалы, «Қазгидромет» станциялары).
2. Автоматтандырылған метеостанциялар (AWS) – датчиктер мен микроконтроллерлер арқылы автоматты түрде деректер жинайды және серверге жібереді.
3. Жылжымалы (портативті) – далалық зерттеу, ауыл шаруашылығы немесе оқу мақсатында қолданылады.
4. Шағын (үйге арналған) – температура, ылғалдылық, қысым және кейде жауын-шашынды ғана өлшейтін қарапайым құрылғылар.

Жұмыс істеу принципі

Метеостанция әртүрлі ауа райы параметрлерін – температураны, ылғалдылықты, қысымды, желдің жылдамдығы мен жауын-шашынды –

өлшейтін датчиктер негізінде жұмыс істейді. Бұл датчиктер жинаған ақпарат орталық блокқа беріледі, онда ол өңделіп, дисплейге сандық мәндер, графиктер немесе ауа райы болжамы түрінде шығарылады.

DHT11 сенсорының сипаттамалары

- Кернеу көзі: 3–5 В аралығында;
- Тұтынатын ток: шамамен 2,5 мА;
- Ылғалдылықты өлшеу диапазоны: 20–80 %;
- Температураны өлшеу диапазоны: 0–50 °С;
- Өлшеу дәлдігі:
- ылғалдылық бойынша ± 5 %,
- температура бойынша ± 2 °С;
- Өлшеу жиілігі: 1 секундта бір рет;
- Датчиктің өлшемдері: $12 \times 15,5 \times 5,5$ мм.


DHT11 датчигі пластик корпустан тұрады және төрт шығысқа (контактқа) ие. Мұндай құрылым оны микроконтроллерге немесе басқа деректерді өңдеу құрылғыларына қосуға ыңғайлы етеді.

Метеостанция жобасында барлық төрт шығысты пайдалану міндетті емес – әдетте тек үшеуі жеткілікті:

- VCC – қорек көзі (3–5 В аралығында);
- GND – жер (минус);
- DATA – деректерді беру шығысы.

Датчикті кез келген 3–5 В тұрақты кернеу көзінен қоректендіруге болады.

Кейбір сұлбаларда деректер шығу (DATA) мен микроконтроллердің кірісі арасына 5–10 кОм шамасында тартқыш резистор (pull-up resistor) қосылған нұсқалар кездеседі. Алайда, DHT11 модулі бар платада бұл резистор қазірдің өзінде орнатылған, сондықтан оны бөлек жалғаудың қажеті жоқ (3.1-сурет).




3.1-Сурет. DHT11 сенсор модулі

Жеке сатылатын DHT11 датчиктерін де, сондай-ақ дайын модуль түрінде жиналған нұсқаларын да таба аласыз. Дайын модульдер қолдануға әлдеқайда ыңғайлы, сондықтан оларды пайдалану тиімдірек.

Модульдердің сыртқы пішіні әртүрлі болуы мүмкін, бірақ қосылу принципі бірдей. Тек қана датчиктегі шығыс пиндердің (VCC, GND, DATA) орналасу ретін мұқият тексеру қажет.

Arduino негізіндегі метеостанция

3.2-Суретте DHT11 сенсоры мен Arduino микроконтроллеріне негізделген қарапайым метеостанцияның схемасы берілген.



3.2-Сурет. Arduino негізіндегі метеостанцияның схемасы

Жоғарыда келтірілген метеостанция сызбасының нәтижесі мониторда температура мен ылғалдылық мәндерін көрсетеді. Алайда, DHT11 датчигін қолданғанда экранда тек бүтін сандар ғана шығарылады, ал бөлшек мәндер (ондық бөліктер) көрсетілмейді - олар автоматты түрде нөлге теңестіріледі.

Бұл шектеу DHT11-дің өлшеу дәлдігінің төмен болуымен байланысты, сондықтан ондық дәлдік мұндай датчик үшін аса маңызды емес. Бірақ егер жоғары дәлдікпен, яғни үтірден кейінгі бір немесе екі таңбамен нақты мән қажет болса, онда DHT11 датчигін жетілдірілген нұсқасына - DHT22-ге ауыстырған дұрыс. DHT22 сенсоры температура мен ылғалдылықты дәлірек өлшейді және бөлшек мәндерді де дұрыс көрсетеді.

Жұмыстың орындалу барысы.

3.2-Суретте көрсетілген сұлбаны жинаңыз. Зертханалық жұмыс үшін дайын кітапхана қолданылады, оның көмегімен датчиктермен жұмыс істеу тек дайын функцияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Сонымен, DHT-master кітапханасын қосамыз.

```
//DHT22 жұмыс істеу үшін кітапхана
#include <DHT.h>
```

```
// Негізгі бағдарлама бөліктерін іске қоспас бұрын, сигнал қосылған пинді (яғни, датчиктің DATA шығысы жалғанған Arduino кірісін) алдын ала кодта көрсету қажет
#define DHTPIN 7
```

```
//Қолданылатын датчик типін жазамыз
```

```
#define DHTTYPE DHT22
```

```
// Бағдарламада кітапханаға жүгіну және класс құру қажет
DHT dht(DHTPIN, DHTTYPE);
```

Void setup() функциясында порт мониторы қосылады (оны бастапқыда тек сынақ үшін қолданылады, кейін деректер дисплейге шығарылады) және температура мен ылғалдылық датчигінің жұмысын бастайды (инициализация жасайды).

```
void setup() {
  Serial.begin(9600);
  Serial.println("DHT22 test!");
  dht.begin(); }
```

Бағдарламаның негізгі бөлігінде (void loop() функциясында) екі өлшеу арасындағы уақыттық кідіріс орнатылады және кітапхана функцияларының көмегімен датчиктен деректерді оқу процесі сипатталады.

```
void loop() {

  delay(2000);

  float h = dht.readHumidity();

  float t = dht.readTemperature();

  if (isnan(h) || isnan(t) ) {

    Serial.println("Failed to read from DHT sensor!"); return; }

  Serial.print("Humidity: ");
```

```
Serial.print(h); Serial.print(" %t");

Serial.print("Temperature: ");

Serial.print(t); Serial.print(" *C ");

Serial.println(""); }
```

Бағдарламаны тақтаға жүктегеннен кейін, DHT22 датчигінен келіп жатқан мәліметтерді көру үшін порт мониторын ашамыз (Ctrl + Shift + M немесе *Құралдар* → *Порт мониторы* мәзірі арқылы). Осы терезеде бөлмедегі температура мен ылғалдылықтың өзгерісін нақты уақыт режимінде бақылауға болады.

Сенсорды жасанды түрде аздап қыздырып (қолмен, немесе жылы суға жақындату) алынған нәтижелерді кестеге толтырыңыз:

№	Температура, *C	Ылғалдылық, %
1		
2		
3		

Қосымша тапсырма

- 1) Температура белгілі бір мәннен асқанда жарық диодын жағу;
- 2) Темпераура және ылғалдылық мәндерін LCD дисплейіне шығару.
- 3) Темпераура және ылғалдылық мәндерін төртразрядты 7-сегментті индикторда шығару.

Бақылау сұрақтары

1. Метеостанцияның негізгі функциясы қандай?
2. DHT22 сенсоры қандай шамаларды өлшейді?
3. DHT22 мен DHT11 арасындағы айырмашылық неде?
4. Датчиктің DATA шығысы не үшін қолданылады?
5. DHT кітапханасының қандай функциялары бар?
6. Қандай жағдайларда өлшеу қателігі артуы мүмкін?

№4 Зертханалық жұмыс. Манипуляторды жобалау және оны қашықтықтан басқаруды зерттеу.

Жұмыстың мақсаты: Манипулятордың құрылымын, жұмыс принципін және оны қашықтықтан басқару тәсілдерін меңгеру. Роботтандырылған жүйелерде қолданылатын манипулятордың кинематикасын, жетектерін және басқару элементтерін зерттеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Микроконтроллер тақтасы (Arduino Uno / ESP32), сервоқозғалтқыштар (Servo motors, 3–6 дана), Қуат көзі (5–12 В адаптер немесе аккумулятор), Wi-Fi немесе Bluetooth модулі (ESP8266, HC-05, ESP32 ішкі модулі), Провода (сымдар, jumpers), Breadboard (макет тақтасы), резисторлар, конденсаторлар.

Қысқаша теориялық кіріспе

Манипулятор – бұл адамның қолының қызметін атқаратын, объектілерді ұстау, көтеру, жылжыту немесе орнын ауыстыру сияқты операцияларды орындайтын механикалық құрылғы. Ол әдетте роботтың негізгі бөлігі болып табылады. Манипуляторлар өндірісте, медицинада, ғарышта, атом энергетикасында және т.б. салаларда кеңінен қолданылады.


Манипулятордың негізгі элементтері

1. *Тірек негіз (база)* – барлық механизмдерді бекітетін және тұрақтандыратын бөлік.
2. *Буындар (қозғалыс осьтері)* – әртүрлі бағытта айналу немесе қозғалу мүмкіндігін береді.
3. *Жетектер (приводтар)* – қозғалысты қамтамасыз ететін құрылғылар (электрлік, гидравликалық, пневматикалық).
4. *Атқарушы орган (манипулятор ұшы немесе ұстағыш)* – нақты әрекетті орындайтын бөлік (объектіні ұстау, дәнекерлеу, бояу және т.б.).
5. *Басқару жүйесі* – манипулятордың қозғалысын, дәлдігін және синхронды жұмысын қамтамасыз ететін электрондық немесе бағдарламалық жүйе.

Манипулятордың еркіндік дәрежесі (DOF — Degree of Freedom) оның қанша бағытта қозғала алатынын көрсетеді. Әр буын бір еркіндік дәрежесін береді. Көп жағдайда өндірістік манипуляторларда 4–6 еркіндік дәрежесі болады. Мысалы: 3 DOF – қарапайым ұстау және көтерілу; 6 DOF – адам қолының толық қозғалысын имитациялай алады.

Қашықтықтан басқару – бұл манипуляторды оператордың тікелей қатысуынсыз басқару тәсілі. Басқару интерфейс арқылы (мысалы, компьютер, микроконтроллер, Wi-Fi, Bluetooth, интернет) жүзеге асады.

Манипуляторды басқару жүйесін құруды қысқаша сипаттайық. Қозғалтқыш ретінде сервоприводтар қолданылады. Автоматты сервоприводты басқару жүйесі дербес компьютерден және одан басқарылатын сервоприводникнен тұрады. Серводтық дискілердің жұмыс істеу принциптері және оларды басқару жүргізіледі Пропорционалды-интегралды-дифференциалды контроллер сервоприводтарды басқару үшін қолданылады. Виртуалды модельдеуді қолдана отырып, басқару элементтерін отладтауға және сынауға мүмкіндік беретін әдіс сипатталған. Басқару элементтерін виртуалды үлгіде контроллер жасалады. Жазбаша бағдарламаны пайдаланып, сервоприводтар іске асырылады. Ұсынылған әдіс электрондық құрылғыларды жасаудан бұрын басқару жүйесінің жұмысын тексеруге мүмкіндік береді. Басқару жүйелерінің виртуалды модельдеу әдісін әртүрлі басқару жүйелерін әзірлеу кезінде қолдануға болады, онда командалар компьютерден USB порты арқылы беріледі.



4.1-сурет. Arduino платасына Сервоприводты қосу әдісі

Серводтық диск тәрізді электр қозғалтқышы бар механизм көп жағдайда қажетті бұрышқа айнаруды және қажетті позицияны ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Алайда, бұл толық мүмкін емес. Толық болуы үшін серво - қозғалыс параметрлерін дәл бақылауға мүмкіндік беретін теріс кері байланыспен басқарылатын жетегі керек. Сервопривод - сенсор (позиция, жылдамдық, күш және т.б.) және белгілі бір сыртқы мәнге сәйкес сенсор мен құрылғының қажетті параметрлерін автоматты түрде сақтайтын басқару блогын қамтитын кез-келген механикалық жетектің түрі.

Сервоприводты 4.1-суретте көрсетілгендей тікелей Ардуиноға қосуға болады. Мұны жалғау сервоприводтағы үш түсті өткізгіш сымдармен жалғаймыз:

Қызыл – қорек көзі, ол Ардуиноның 5В пинына немесе тікелей қуат көзіне қосылады.

Қоңыр немесе қара – жерге жалғанады.

Сары немесе ақ – сигнал беріледі. Ол Arduino платформасының сандық каналына қосылады.

Ал енді HC-06 Bluetooth құрылғысын сипаттайық. Bluetooth - ең заманауи электронды құрылғылардың қысқа қашықтықтарға қосылуының ең кең таралған түрі. Телефон гарнитуралары, құлаққаптар, пернетақта және тышқандар, принтерлер мен құдайлар басқа гаджеттерді біледі.

HC-06 — бұл Bluetooth 2.0 стандарты бойынша жұмыс істейтін арзан әрі кең таралған сериялық (UART) интерфейсті сымсыз байланыс модулі. Ол көбінесе Arduino, Raspberry Pi сияқты микроконтроллерлермен сымсыз дерек алмасу үшін қолданылады.

HC-06 тек «бағынушы» (slave) режимінде жұмыс істейді, яғни ол басқа құрылғыға (мысалы, смартфон немесе компьютерге) қосылады, бірақ өзі байланыс орната алмайды.

HC-06 Bluetooth құрылғысының техникалық сипаттамасы:


Параметр	Мәні
Жұмыс кернеуі	3.3–6 В (5 В Arduino-мен тікелей қосуға болады)
Логикалық деңгей	3.3 В (бірақ 5 В Arduino RX арқылы да жұмыс істейді)
Жұмыс тогы	Шамамен 30 мА
Байланыс интерфейсі	UART (TX, RX)
Бод жылдамдығы (baud rate)	9600 (әдепкі), өзгертуге болады
Bluetooth нұсқасы	2.0 + EDR (Enhanced Data Rate)
Жұмыс қашықтығы	5–10 метрге дейін (көріну аймағында)
Рөлі	Тек Slave (бағынушы)

Параметр	Мәні
Модуль аты (әдепкі)	HC-06
Жұптасу коды (әдепкі)	1234 немесе 0000

Bluetooth модулінің шығыс каналдарының сипаттамасы

Пин	Тағайындалуы	Түсініктеме
VCC	Қорек (3.3–6 В)	Қуат көзіне қосылады
GND	Жер	Ортақ жер (минус)
TXD	Мәліметтерді шығару	Микроконтроллердің RX пиніне жалғанады
RXD	Мәліметтерді қабылдау	Микроконтроллердің TX пиніне жалғанады

Bluetooth модулінің Arduino Uno платформасына жалғануы 4.2-суретте көрсетілген. Жалғану мына түрде болады: HC-06 TX → Arduino RX (пин 0), HC-06 RX → Arduino TX (пин 1), VCC → 5V, GND → GND.



4.2-сурет. HC-06 Bluetooth құрылғысын жалғаудың көрінісі

Қолданылатын басқару әдістері

Қолмен басқару (жартылай автоматты) – оператор тікелей команда береді.

Бағдарламалық басқару (автоматты) – алдын ала жазылған бағдарлама бойынша жұмыс істейді.

Қашықтықтан басқару – интернет немесе сымсыз байланыс арқылы орындалады. Бұл жағдайды осы жұмыста негіз ретінде қарастырамыз. Android қосымшасы арқылы басқарамыз. Arduino-ға деректер жіберсеңіз (мысалы, телефондағы Bluetooth терминал арқылы), модуль оларды UART

арқылы Arduino-ға жеткізеді. Сол сияқты, Arduino-дан келген деректер Bluetooth арқылы телефонға жіберіледі.


Android қосымшасымен манипуляторды басқару

Манипуляторды басқару үшін Remote XY приложениесін қолданылады. RemoteXY - смартфоннан немесе планшеттен контроллерлерді басқару үшін мобильді графикалық интерфейстерді жасау, жобалау және пайдалану жүйесі. Осы жүйелерден қамтиды:

- Remotexy.com сайтында орналасқан контроллерлерге арналған ұялы графикалық интерфейстердің редакторы (4.3-Сурет).

- RemoteXY мобильдік программасын контроллерге қосылуға және графикалық интерфейстерді көрсетуге мүмкіндік береді. RemoteXY мобильдік программасын Google Play Store және App Store программасында жүктеп алуға болады.


Робот манипуляторды программада басқару слайдерларын құру 4.3-суретте көрсетілген.



4.3 – Сурет. Робот манипуляторды программада басқару слайдерларын құру

RemoteXY программалық ортасы тек графикалық кодтар түрін береді. Сондықтан ол графикалық кодтарды пайдалана отырып Arduino программалау студиясында командалық кодтар қатарын түземіз. Керекті библиотека тек сервопривод библиотекасы, қалған библиотека RemoteXY-та бар болады.

4.4-Суретте Android қосымшасы арқылы манипуляторын басқарудың коддық сипаттамасы көрсетілген.



```
////////////////////////////////////  
// RemoteXY include library //  
////////////////////////////////////  
  
// определение режима соединения и подключение библиотеки RemoteXY  
#define REMOTEXY_MODE_SOFTWARESERIAL  
#include <SoftwareSerial.h>  
  
#include <RemoteXY.h>  
  
// настройки соединения  
#define REMOTEXY_SERIAL_RX 0  
#define REMOTEXY_SERIAL_TX 1  
#define REMOTEXY_SERIAL_SPEED 9600  
  
// конфигурация интерфейса  
#pragma pack(push, 1)  
uint8_t RemoteXY_CONF[] =  
{ 255, 5, 0, 0, 0, 125, 0, 8, 223, 0,  
  4, 0, 6, 13, 9, 46, 134, 174, 4, 0,  
  22, 13, 9, 46, 134, 174, 4, 0, 38, 13,  
  9, 46, 134, 174, 4, 0, 54, 13, 9, 46,  
  134, 174, 4, 0, 69, 13, 9, 46, 134, 174,  
  129, 0, 20, 2, 53, 6, 60, 208, 154, 208,  
  190, 208, 188, 208, 176, 208, 189, 208, 180, 208,  
  176, 208, 187, 209, 139, 210, 155, 32, 208, 190,  
  209, 128, 209, 130, 208, 176, 0, 129, 0, 5,  
  19, 3, 6, 24, 49, 0, 129, 0, 21, 19,  
  3, 6, 8, 50, 0, 129, 0, 37, 19, 3,  
  6, 24, 51, 0, 129, 0, 54, 19, 3, 6,  
  24, 52, 0, 129, 0, 69, 19, 3, 6, 24,  
  53, 0 };  
  
void setup()  
{  
  RemoteXY_Init();  
  
  // TODO you setup code  
  servo1.attach(pservo1);  
  servo2.attach(pservo2);  
  servo3.attach(pservo3);  
  servo4.attach(pservo4);  
  servo5.attach(pservo5);  
  
  RemoteXY.slider_1=50;  
  RemoteXY.slider_2=50;  
  RemoteXY.slider_3=50;  
  RemoteXY.slider_4=50;  
  RemoteXY.slider_5=50;  
}  
  
void loop()  
{  
  RemoteXY_Handler();  
  
  // TODO you loop code  
  // используйте структуру RemoteXY для передачи данных  
  
  servo1.writeMicroseconds((RemoteXY.slider_1)*20+500);  
  servo2.writeMicroseconds((RemoteXY.slider_2)*20+500);  
  servo3.writeMicroseconds((RemoteXY.slider_3)*20+500);  
  servo4.writeMicroseconds((RemoteXY.slider_4)*20+500);  
  servo5.writeMicroseconds((RemoteXY.slider_5)*20+500);  
}
```

Загрузка завершена
Скетч использует 5498 байт (17%) памяти устройства. Всего доступно 32256 байт.
Глобальные переменные используют 186 байт (9%) динамической памяти, оставляя 1862 байт для локальных переменных.

4.4-Сурет. Android қосымшасы арқылы манипуляторын басқарудың коддық сипаттамасы

Скетчты толық теріп, командаларды беріп болған соң компиляция операциясын орындау қажет. Компиляция дұрыс, қатесіз аяқталатын болса микроконтроллер туралы қысқаша мәлімет береді. Мәлімет терезешесі жазу терезесінің астында беріледі. Ол терезешедегі мағлұмат келесідей ақпарат береді: “Скетч 5498 байт (17%) құрылғы жадысын қолданды. 32256 байт жарамды. Глобалды айнымалы 186 байт (9%) динамикалықтың жадысын

қолдануда, 1862 байтты локалды айнымалыға қалдыра отырып”. Осы белгіден соң скетчты көрсетілген порт арқылы микроконтроллерге жүктейміз. Жүктелгендігі туралы Arduino микроконтроллерінің понеліндегі белгі беретін диоды жүктелгендігі туралы жанып-өшіп сигнал береді. Кейін ол дайын программаланған микроконтроллерді телефонмен қосу үшін Bluetooth HC-06 жіберетін сандық қосылу сигналын телефон арқылы RemoteXY программалық ортасында біріктіру операциясын ұйымдастырамыз. Жаңа Bluetooth чип болғандықтан бірінші қосылуда стандартты код сұрауы міндетті. Кодтың стандартты түрі “1234”. Бірін-бірі тапқан байланыс RemoteXY жұмыс ортасында сақтаулы тұрады.


Жұмысты орындау тәртібі

1. Жұмысқа дайындық

Arduino IDE бағдарламасын компьютерге орнатыңыз.

Қажетті құрал-жабдықтарды (Arduino, сервоқозғалтқыштар, модульдер, сымдар, Breadboard) дайындаңыз.

Манипулятордың жалпы сызбасын (3–6 буынды) дайындаңыз (4.3-сурет).



4.3-сурет. Arduino негізіндегі манипулятордың сұлбасы

2. 4.3-Суреттегі электр сұлбасын жинақтау.

Сервоқозғалтқыштардың сигналдық сымдарын Arduino-ның PWM пиндеріне (мысалы, 3, 5, 6, 9, 10, 11) қосыңыз.

Әр сервоның қуат (+5V) және жер (GND) сымдарын жалпы тізбекке жалғаныз.

Қашықтықтан басқару модулін (Wi-Fi немесе Bluetooth) Arduino-ға TX/RX пиндері арқылы қосыңыз.

Барлық қосылыстардың дұрыс екенін тексеріңіз.

3. Бағдарламаны жазу

4.2-Суреттегі Arduino IDE-ге төмендегідей код құрылымын енгізіңіз және сәйкестігін тексере отырып жүктеңіз.

4. Қашықтықтан басқаруды орнату

Егер Bluetooth модуль (HC-05) қолдансаңыз:

Смартфоннан Bluetooth арқылы Arduino-ға қосылыңыз.

«Bluetooth Terminal» немесе MIT App Inventor қосымшасы арқылы командалар жіберіңіз.

Егер Wi-Fi модуль (ESP8266) қолдансаңыз:

Wi-Fi желісіне қосылуды баптаңыз.

Blynk немесе веб-интерфейс арқылы басқару түймелерін жасаңыз.

5. Манипулятор қозғалысын тексеру

Смартфоннан немесе компьютерден командалар жіберіңіз.

Әр сервоқозғалтқыштың бұрылу бұрышын бақылаңыз.

Егер қозғалыс дұрыс болмаса, бұрыш мәндерін және қосылыстарды тексеріңіз.

```
cpp

#include <Servo.h>

Servo servo1, servo2, servo3; // Мысал үшін 3 серво
int pos1, pos2, pos3;

void setup() {
  servo1.attach(3);
  servo2.attach(5);
  servo3.attach(6);
  Serial.begin(9600);
}

void loop() {
  if (Serial.available()) {
    char command = Serial.read();
    if (command == 'A') servo1.write(90);
    if (command == 'B') servo2.write(120);
    if (command == 'C') servo3.write(45);
  }
}
```

4.2-сурет. Arduino IDE бағдарламасындағы манипуляторды жобалау коды

Манипулятордың әр буынының қозғалыс диапазонын өлшеңіз. Қашықтықтан басқару жүйесінің жауап беру уақытын және тұрақтылығын бағалаңыз. Нәтижелер бойынша қорытынды жасаңыз.

Енді сервоқозғалтқышқа әртүрлі салмақтағы шағын жүктеме (мысалы, 10 г, 20 г, 30 г) бекітіп, сол бір бұрышқа бұрылғандағы реакция уақыты мен дәлдігін салыстырыңыз. Ол үшін бағдарлама мен сызбаға қажетті жағдайда өзгеріс енгізіңіз. Алынған нәтижелерді 1-кестеге енгізіңіз.

1-кесте. Сервоқозғалтқыштың жүктемеге тәуелді реакциясы

№	Серво	Жүктеме (г)	Берілген бұрыш (°)	Реакция уақыты
1	Servo 2	0	90	
2	Servo 2	10	90	
3	Servo 2	20	90	
4	Servo 2	30	90	

